

11 – 14 наурыз, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2025 жылдың ақпанындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE ресми тізіміне Азия даму банкінің [XS3015676425](#) (ASDBe20) халықаралық облигациялары енгізілген
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ [kz2c00011021](#) (FIVE b5) және "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ ЖШС [KZ2P00010218](#) (MFMOb4) облигациялары алынып тасталды.
- Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органының [KZMJ00001584](#) (ABK024_158) облигациялары мерзімінен бұрын өтеуге байланысты KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де "Orbis Leasing" ЖШС [KZ2P00013535](#) (ORBSb4), "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00013258](#) (MFOKb24) және [KZ2C00013472](#) (CCBNb37) "Банк ЦентрКредит" АҚ облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Азия даму банкінің [XS2294363689](#) (ASDBe7) және [XS2351373134](#) (ASDBe8) халықаралық облигацияларымен және "Банк "Bank RBK" АҚ [KZ2C00011880](#) (INBNb16) облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды.
- KASE-де "Титулдық Брокер Халықаралық Ltd." жеке компаниясы бағалы қағаздармен сауда-саттыққа қатысуға [жіберілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 316,8 млн МЕККАМ [KZK100000373](#) (MKM012_0160), 4,1 млн МЕУКАМ [KZKD00001251](#) (MUM072_0015), 36,0 млн МЕУКАМ [KZKD00001285](#) (MUM084_0020) және 3,0 млн МЕУКАМ [KZKD0000717](#) (MUM180_0009) орналастырды.
- "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ жазылым арқылы KZ2C00010023 (PRKRb9) облигацияларын орналастырып, 14,2 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012383 (KFUSb90) облигацияларын орналастыру арқылы 4,8 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДР кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ Маңғыстау облысындағы "Болашақ" учаскесінде көмірсутекті барлау және өндіру жөніндегі келісімшартқа қол қойылғанын [хабарлады](#).
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ Қазақстанның энергетикалық және көлік инфрақұрылымын қолдау үшін Еуропалық инвестициялық банктен 200 млн еуро [тартады](#).
- "Каспий" тауар биржасы" АҚ жай және артықшылықты акциялар бойынша 2024 жылдың қаңтар-қыркүйегіне дивиденд [төледі](#).
- "Эйр Астана" АҚ 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған төртінші тоқсан мен он екі айдың нәтижесін [хабарлады](#).
- "Эйр Астана" АҚ акцияларды және ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасының қайта басталғаны туралы [хабарлайды](#).
- "Эйр Астана" АҚ Директорлар кеңесі бір жай акцияға 17,7 теңге мөлшерінде 2024 жылға дивиденд және бір жай акцияға 36,0 теңге мөлшерінде арнайы дивиденд төлеуді [ұсынды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2024 жылдың қаржылық нәтижесі туралы [хабарлады](#).
- "Home Credit Bank" АҚ Fitch Ratings агенттігі банктің рейтингтік бағаларын растағанын [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".



14.03.2025		Трендтер (%)	
КASE Индексі	5 622,95	-0,5	2,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Intel Corporation	23,62	13,6	12,2
NVIDIA Corp.	120,59	9,1	- 10,0
Advanced Micro Devices, Inc.	102,04	4,1	- 10,5
PayPal Holdings Inc.	70,32	3,4	- 8,9
АО "Народный Банк Казахстана"	267,49	2,9	4,8
АО "Эйр Астана"	776,51	2,3	9,4
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	14 580,00	0,1	9,5
АО "Казхат телеком"	45 910,00	0,0	8,0
АО "КазТрансОйл"	801,00	- 0,4	- 2,4
АО "Кселл"	3 396,60	- 0,5	- 2,2
АО "ForteBank"	7,85	- 1,0	0,6
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	18 664,99	- 1,1	- 5,2
АО "КЕГOC"	1 469,30	- 1,3	- 1,3
The Coca-Cola Company	69,10	- 2,5	2,7
АО "Банк ЦентрКредит"	2 773,82	- 2,7	5,2
AT&T Inc.	26,17	- 2,7	4,8
Microsoft Corporation	385,00	- 2,8	- 6,6
АО Kaspі.kz	50 045,48	- 3,3	- 1,8
Meta Platforms, Inc.	50 045,48	- 3,3	- 1,8
Pfizer Inc.	25,78	- 3,4	- 0,8
AltyнGold plc	2 610,01	- 4,5	- 6,9
Tesla, Inc.	251,91	- 5,8	- 26,9
Apple Inc.	215,40	- 7,9	- 8,3

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Жергілікті нарықта KASE Индексі 0,51 %-ға 5 622,95 тармаққа дейін төмендеді.

Ең үлкен өсімді Халық банкінің акциялары көрсетті, олар өз құнына 2,9 % қосты. Сондай-ақ жаһандық депозитарлық қолхаттарды кері сатып алу бағдарламасы аясында Халық банкі 7 наурызда жалпы сомасы \$27,1 мың болатын 1,3 мың өзінің бағалы қағаздарын сатып алды, ЖДҚ \$20,05 бағасымен сатып алынды.

Сонымен қатар KASE индексіне кіретін басқа қаржы компанияларының акциялары теріс динамиканы көрсетті: ЦентрКредит Банкінің акциялары өзінің нарықтық құнынан 2,7% төмендеді, ал Kaspі.kz акциялары 3,4% жоғалтты.


Осы уақытта Эйр Астана 2024 жылғы және 2024 жылдың IV тоқсанындағы қаржылық және операциялық нәтижелерін ұсынды. Эйр Астана компаниялар тобы 2024 жылы 9 млн жолаушыны тасымалдады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1 миллионға артық. Біржолғы баптарды есептегенде, операциялық пайда 14,9 %-ға, \$145,7 млн-ға дейін (2023 жылы – \$126,8 млн), ал біржолғы баптарды есептегенде таза пайда 6,0 %-ға, \$65,2 млн-ға дейін (2023 жылы – \$61,5 млн) өсті.

Бұдан басқа, авиакомпанияның Директорлар кеңесі бір жай акцияға жалпы сомасы 53,7 теңгеден және бір жаһандық депозитарлық қолхатқа (төрт акцияға тең) 214,8 теңгеден, жалпы сомасы 6,3 млрд теңгені құрайтын жай және арнайы дивиденд төлеуді бекітуді ұсынды. Енді дивиденд мөлшерін акционерлердің жылдық жалпы жиналысы (АЖЖЖ) – 2025 жылдың 31 мамырынан кешіктірмей бекітуі тиіс. Төлем 2025 жылдың ортасында жүзеге асырылады. Осы орайда Эйр Астана акциялары 2,3 %-ға өсті.

ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы Маңғыстау облысындағы "Болашақ" учаскесінде көмірсутекті барлау және өндіру жөніндегі келісімшартқа қол қойылғанын хабарлады. ҚазМұнайГаз акциялары 0,1 %-ға өсті. Ал сол сектордың өкілі ҚазТрансОйл акциялары 0,4 % төмендеді.

Сонымен қатар Қазақтелеком акцияларының бағасы өзгерген жоқ, ал Kcell акциялары 0,4 %-ға төмендеді.

KASE Индексінің акциялары




Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі






Ақша нарығында TONIA біркүндік репо тарту мөлшерлемесі өсті және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,64 % құрады. Біркүндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 11,33 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Ақпан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,7%-ға, бір АҚШ доллары үшін 499,09 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 227 млн АҚШ долларынан 237 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Ақпан айында Ұлттық қордан 600 млн АҚШ доллары көлемінде валюта сатылды, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 13%-ын немесе күніне шамамен 30 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферт бөлуге Ұлттық Банк наурыз айында Ұлттық қордан 700-800 миллион АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатады деп болжанған.

Айналау операциялары аясында ақпанда 250 млрд теңге стерильденді. Наурыз айында осы мақсатта 250 млрд теңгеге жуық көлемде валюта сатылады деп күтіледі.


Ұлттық Банк ақпан айында валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің осы норма шеңберінде валюталық түсімді сату көлемі 274 млн АҚШ доллары шамасында болды.

Наурыз айында БЖЗҚ зейнетақы активтерін сатып алудың жоспарланған көлемі 250 млн АҚШ долларынан аспайды.

Шетел валюталарының бағамы


динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2024, %
— GBPKZT	653,66	2,27	2,51	15,27
— USDKZT	505,15	2,08	-2,20	7,05
— EURKZT	550,31	2,40	3,04	9,22
— CNYKZT	69,85	2,09	-1,39	2,43
— RUBKZT	5,89	5,56	9,28	-10,26

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	5 638,94	-2,3	-6,8	9,5	-1,4
Dow Jones	41 488,19	-3,1	-6,5	6,6	-2,3
PTC	1 176,26	5,1	16,1	3,8	
ММББ	3 195,08	0,9	5,6	-3,1	
Hang Seng	23 959,98	-1,1	9,6	41,3	-0,7
SS CSI 300	4 006,56	1,6	2,2	12,5	1,6
Euro Stoxx 50	5 404,18	-1,2	0,0	8,2	-1,2
FTSEuroFirst	5 960,50	-0,7	-0,5	10,4	-0,8
FTSE 100	8 632,33	-0,5	-2,0	11,5	-0,5
KASE	5 622,95	-0,5	2,4	13,4	

Шикізат нарығы

14.03.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	70,58	0,3	-6,1	-17,4
Мұнай (WTI)	67,18	0,2	-5,9	-17,3
Табиғи газ	4,10	-6,7	15,1	135,7
Мыс	486,95	4,0	3,5	20,6
Темір	808,50	2,3	-1,4	-15,1
Алтын	2 984,16	2,6	2,8	38,1
Күміс	34,19	5,0	4,3	37,4
Астық	545,75	2,2	-5,0	5,1

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Дата	Уақиға	Валюта	Болжам	Алдыңғы
19.03	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім	JPY	0,50%	0,50%
19.03	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (ақпан)	EUR	2,4%	2,5%
19.03	ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	4,50%	4,50%
19.03	FOMC баспасөз конференциясы	USD		
20.03	Швейцария Орталық банкінің пайыздық мөлшерлеме бойынша шешімі (1 тоқсан)	CHF	0,25%	0,50%
20.03	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)	GBP	4,50%	4,50%
21.03	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (наурыз)	RUB	21,00%	21,00%

Анықтама: күнтізбе KASE нікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні	Күні	Алдыңғы ай	
Жылдық инфляция	9,4%	01.03.25	8,9%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	47,2	01.02.25	45,8
Ақша базасы, млрд KZT	14 012,2	01.02.25	14 606,5
Ақша масса, млрд KZT	44 684,1	01.02.25	45 660,0

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг	Күні	Алдыңғы	
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
Fitch Ratings	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.